

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Төлеби аудандық  
ауруханасы» МКК-ның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны  
Х А Т Т А М А С Ы №5**

Төлеби ауданы.

19.08.2024ж.

**Төрағасы:** С.Ж.Байдаулетова басшы орынбасары

**Хатшысы:** Ж.Ғ.Айтмырза

**Қатысқандар:** Төлеби аудандық ауруханасы басшы орынбасарлары, аға дәрігерлер мен меңгерушілер, аға медбикелер, орта және кіші буын қызметкерлері.

**Күн тәртібіндегі мәселе:**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 18.11.2015 жылғы ҚР Заңының 16-бабы);

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Төлеби аудандық ауруханасы» МКК Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде.

2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.03.2023 жылғы №112 бұйрығы) аурухана қызметкерлеріне түсіндіру туралы.

Күн тәртібі бойынша аурухана комплаенс-офицері Ж.Айтмырза «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» бойынша 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 16-бабында көзделген «Кәсіпкерлік саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары» туралы төмендегі заңдылықтарды таныстырды:

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау;

4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін

ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық фактілері анықалған жағдайда аурухана басшылығына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің 1424 Call-орталығына жүгіну керек. Сыбайлас жемқорлық үшін ҚР заңдарында Қылмыстық Кодекстің 366, 367, 368 баптарында пара беру, алу, делдал болу 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Сыбайлас жемқорлық фактілерін хабарлағаны үшін белгілі бір мөлшерде сыйақы тағайындалғанын хабарлайды.

Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексінің 247-бабы 1 тармағы. Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы 80 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 20 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.


2 тармағы. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет 120 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 30 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3 тармағы. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі мөлшерде сыйақы алумен байланысты не қорқытып алумен ұштасқан іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.03.2023 жылғы №112 бұйрығымен, оның ішінде Жалпы ережелер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігімен аурухана қызметкерлерін комплаенс-офицер Ж.Айтмырза таныстырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығы бойынша мәселелер талқыланып, мамандар тарапынан қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық жауап берілді.

Төраға:



С.Ж.Байдаулетова

Хатшы:



Ж.Ф.Айтмырза